«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

М. Горький көшесі, 65,
Өскемен қаласы, ШҚО,
Қазақстан Республикасы, 070004
тел./факс: 8 (7232) 248 218

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

улица М. Горького, 65,
г. Усть-Каменогорск, ВКО,
Республика Казахстан, 070004
тел./факс: 8 (7232) 248 218

_____№_____

№04-14/1243 06.04.2018ж.

«Гео Құрылыс» ЖШС директоры
И.С.Тургинбаевқа
Оңтүстік Қазақстан облысы
Шымкент қаласы,
Әл-Фараби алаңы, 3

Өтінішке жауап

ШҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі-Департамент) Сіздің 2018 жылғы 29 наурыздағы шығыс №8784 арызыңызға (2018 жылғы 29 наурыздағы кіріс№ ЮЛ-Т-338) келесіні хабарлайды.

Ұйымастырушымен («Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ) www.goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алудың интернет-ресурсында №2223837-1 «жобаларға кешенді ведомствадан тыс сараптама жүргізу» ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізу туралы хабарландыру орналастырылған.

ҚР «Мемлекеттік сатып алулар туралы» 2015 жылғы 04- желтоқсандағы №434-Y Заңының (бұдан әрі -Заң) 9 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті **материалдық** және **еңбек** ресурстарының болуы қажет.

Конкурстық құжаттамаға (техникалық ерекшелікке) сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге материалдық және еңбек ресурстарын ұсыну туралы талап қойылған, яғни: *дербес компьютер (және/немесе ноутбук)- 7 бірлік, лазерлі принтер А4-1 бірлік, лазерлі принтер А3-1 ед, кең форматты принтер -1 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету SANA немесе ұқсас түрі-1 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету Auto CAD немесе ұқсас түрі - 5 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету SCAD немесе ұқсас түрі -1 бірлік; келесі мамандықтар бойынша жобалау-сметалық құжаттама сараптамасы бойынша сарапшылардың болуы: қалақұрылысы -1 бірлік, сәулет-1 бірлік, конструктивті бөлігі-1 бірлік, инженерлік желілер және*

жүйелер (жылыту және желдету)-1 бірлік, инженерлік желілер және жүйелер (суменжабдықтау және канализация) -1 бірлік, инженерлік желілер ж»не жүйелер (электртехникалық бөлігі) -1 бірлік, технологиялық бөлігі- 1 бірлік, жобаның арнайы бөлімдері-1 бірлік.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидаларымен (*бұдан әрі- Қағида*) анықталған.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушімен конкурстық құжаттамаға 5 Қосымшаға сәйкес біліктілік туралы мәліметтер толтырылады (Қағидаға 5 Қосымша), сол бойынша, Әлеуетті өнім беруші **конкурстық құжаттамада көзделген** жұмыстарды орындау үшін қажет растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді, сонымен қатар, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, еңбек ресурстары туралы мәліметтер көрсетеді.

Мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырылған ақпаратты зерделей келе, әлеуетті өнім беруші «Гео Нұр Құрылыс» ЖШС-мен біліктілігі туралы мәліметтерде дербес компьютерлер мен ноутбуктардың қажет етілген саны ұсынылмаған (талап етілген 7 бірліктен, 6 бірлік ұсынылған), лазерлі принтер А3 - 1 бірлік, кең форматты принтер - 1 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету SANA, Auto CAD, SCAD немесе ұқсас түрлері, сонымен қатар, «технологиялық бөлігі» мамандықтар бойынша сарапшылардың болуы ұсынылмағаны анықталды.

Осылайша, әлеуетті өнім беруші «Гео Нұр Құрылыс» ЖШС қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес, №2223837-ОК конкурсына келесі себептерге сәйкес, негізді түрде қатыстырылмаған: *«Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, атап айтқанда: біліктілік туралы мәліметтерде техникалық ерекшелікте көрсетілген дербес компьютерлер мен ноутбуктардың талап етілген саны (талап етілген 7 бірліктен, 6 бірлік ұсынылған) көрсетілмеген, лазерлі принтер А3-1 бірлік, кең форматты принтер -1 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету SANA, Auto CAD, SCAD немесе ұқсас түрлері, сонымен қатар, «технологиялық бөлігі» мамандықтар бойынша сарапшылардың болуы ұсынылмаған.*

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, Сіз, осы өтінішті қарау қорытындысы бойынша қабылданған шешімге шағым беруге құқылысыз.

Департамент басшысы **Х.Баилов**

орынд. Абдиева А.Е.
тел.577896